

ЖАНАТ  
ЕЛШІБЕКОВ


# Карлығаш





ЖАНАТ  
ЕЛШІБЕКОВ  
**Карлығаш**

ӘҢГІМЕ



АЛМАТАС  
ЖАЛЫН  
1989

Күн жексенбі еді. Екінші класта оқитын Қарлығаш пен інісі Заңғар таңертеңгі тамақ үстінде әке-шешесіне жарыса өз ойларын білдірді:


- Хайуанаттар паркіне барайықшы.
  - Бұғін демалыс емес пе?! Үйде отыра береміз бе?
  - Құлыштарым-ау, талай мәрте көрген парктарің ғой! Құн ыстық, босқа шаршайсыңдар. Одан да аулада ойнасандаршы...
- Шешесінің оңайлықпен келіспейтінін сезген екеуі уәделесіп алғандай қосарлана сөйледі.
- Апа, жаңадан әкелген Африка мысығын әлі көргеміз жоқ.
  - Иә... Біздің кластағы балалардың бәрі де көріпті. Тіпті кейбіреулері екі-үш реттен көрген. Мен ғана...— Бұртия қалған Қарлығаш сөзінің соңын естіртпей жіберді.


Сол-ақ екен, манадан үн-тұнсіз отырған әкесі әдеттегі көңілшектігіне салып:

- Барсын да,— деді орнынан түрегеліп.— Хайуанаттар паркіне өзім-ақ апарып келейін.
- Жарайды, ендеше. Бірақ кешке дейін жүріп алмаңдар. Жаңағы айтқан мысықты көрсөңдер болды ғой.

Қуаныштан жүздері балбұл жанған Қарлығаш пен Заңғар қолдарын шапалақтап, «уралап» жіберді. Қарлығаш әлгіндегі өкпелеген сәтін де ұмытып кеткендей. Шешесінің мойнына еркелей асылып, бетінен сүйді.

...Олар хайуанаттар паркін тұңғыш көргендей ұзақ аралады. Тор үйшіктердегі, ашық алаңқайлардағы андар мен құстарды





қызыға көріп жүр. Судан басын қылтитқан ақ аю, ағаштан ағашқа тынымсыз секірген шимпанзе мен орангутан. Бұкіл бақты басына көтере ақырган арыстан, тар үйшікте маза таппай ерсілі-қарсылы жүгірген қасқырлар... Құстардың тұртүрі... Сондай ғажап, шетінен керемет! Маңайына маңғаз көз тастаған үнді пілінің қылышы мұлдем өзгеше. Ұзын тұмсығын темір шарбақтың арасынан жүгіртіп конфет сұрайтынын қайтерсін.

— Заңғар!

Бағанадан «қайда әлгі мысығын» деп қылқылдан жүрген інісі көрінбеді.

Әкесінің қолынан сыйыла беріп, арықтан секірген Қарлығаш ағаш түбіріне сүрініп, етпеттей құлады.

Жалма-жан мұны шашына ақ бантік байлаған қара торы қызы жерден көтеріп алып, алақанымен тізесін сипады.

— Қалай, ауыра ма? Неге жалғыз жүрсің? Атың кім? Мәлтілдеп көзіне жас алған ол:

— Қарлығаш,— деді.

— Қарлығаш? Менің де атым — Қарлығаш. Екіншіләй байқа. Асықпа! Жүр, Африка мысығын көрейік.

Осы кезде бұлардың жаңына әкесі мен Заңғар да келді.

— Қарағым, Қарлығашпсың? Рақмет!— деді әкесі.

Осы кезде балалардың сыбыр-күбірі естілді.

— Қарлығаш...

— Қасындағы Наташа...

— Рас айтасың. Наташа мен Қарлығаштың өзі.

— Чемпиондар да паркке келеді еken ғой!..

— Балмұздақ та жейді еken-ау?!


— Оған неге таңырқайсындар? Олар да біз секілді...

Қарлығаш та бұларды енді жазбай таныды.

— Көке, Қарлығаш пен Наташаны қарашы,— деді. Балалардың бәрі танып тұр.

— Иә, оларды кім білмейді?— деді әкесі.— Үлкен де, кіші де біледі! СССР құрама командасты сапында Қарлығаш пен Наташа талай рет халықаралық жарыстарға қатысып, жеңім-паздар аталып жүр емес пе?

Осы кезде Қарлығаштың көз алдына теледидардан көрген гимнасшылардың жарысы қаз-қалпында елестей берді...



\* \* \*

...Аумағы ат шаптырым зәулім спорт сарайы араның ұясындаид құж-құж қайнайды. Төрт жылда бір айналып келер ең үлкен спорт мерекесі — СССР халықтарының жазғы спартакиадасы программасы бойынша спорттық гимнастикадан шешуші бәсекелер өтіп жатыр. Кілем төсөлген шаршы аланда гимнасшылар кезекпен еркін жаттыгуларын көрсетуде. Төрешілер алқасы әр қымылды жіті қадағалап, спортшыларға әділ бағаларын беруде. Ал кілем төңірегінде жағалай түрлі гимнастикалық аспаптар... қос білікті брусья, аспалы шығышық, тізбекті турник, табаның әрең сыйтын қырлы бөрене қойылған. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген ең таңдаулы жұз жиырма гимнасшы бірінен кейін бірі өнер көрсетуде.

Шетінен сымбатты да сұлу спортшылардың қымыл-қозғалысы кімді болсын риза еткен. Қарлығаш та қатты қызыққан. Теледидар алдынан қозғалмаған ол ас үйде жүрген шешесіне:

— Апа, біздің қазақстандық гимнасшылар,— деді дауыстап.


— Біздікі қайсысы?— Бір бүйірден киліккен Заңғар диванға жайғасты.


Сөйткенше болған жок, хабарлаушының саңқылдаған даусы естілді:

— Енді алматылық гимнасшы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қарлығаш Қалиева еркін жаттығуын орындаиды.

Хабарлаушы-диктор таныстыру сезін одан әрі жалғастырды:

— Қарлығаштың есімін білмейтіндер бүгінде некен-саяқ. Үлкен спорттағы өмір жолын мектептегі үйірмеден бастаған ол спорттық гимнастикадан 1979 жылы оқушылардың республикалық спартакиадасында жеңістің биік тұғырына тұңғыш рет көтерілді. Келесі жылы Қазақстанның абсолютті чемпионы атанды. Ал 1981 жылы Корей Халық Демократиялық Республикасында өткен халықаралық турнирде бірінші орынды жеңіп алғаны үшін Қарлығашқа «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» деген жоғары атақ берілді. Жетінші класқа дейін Алматы маңындағы Есік қаласында оқыған. Гимнастика-





мен де сонда шұғылданған. Қазір Алматыдағы спорт мектебінде оқиды.

Көзі күлімдеген Заңгар:

— Ой, керемет екен,— деп қалды.

«Тыныш отыр» дегендей Қарлығаш сұқ саусағымен ернін басты.

Шешесі де ұлының басынан ұнсіз сипап, теледидарға үңіле түсті. Шаршы алаң бұрышында еліктің лағындей ғана қаршадай қызы тұр. Төрешінің белгі беруі мұң екен, қос қолымен жер тірең алға ұмтылған ол тегеурінді серпінмен биікке көтеріліп жеп-жәніл шыр көбелек айналып, екі рет сальто жасады. Бұл — гимнастикадағы ең қызын жаттығу. Тура осы сәт жан-күйерлерге қосылып, залдың төрінде отырған Нелли Ким, Людмила Туринцева секілді әйгілі гимнастика шамшырақтары да қуана қол соққан.

— Қандай тамаша өнер көрсетті! — деді Қарлығаш та қол соғып.

— Ғажап!

— Жарайсың, қызыым!

— Алтын медальға жарты ұпай жетпей қалды-ау, — деді Қарлығаш мұңайыңқырап.

— Қап-ай! — деп Заңгар да өкінді.

Балаларның көңіл күйін сезген шешесі өз ойын білдірді:


— Жеңіс оңайлықпен келмейді, құлындарым. Екеуі де ерледі. Жүзден озып, жүлдегер атанды. Қарлығаш пен Наташа нағыз спортшы екен.

Ана сөзі бұлардың көңілдерін көтеріп жіберді. Екеуінің де жанары жайран қақты.

Жарыс аяқталысымен, спартакиада жүлдегерлерімен телекөрмермендер жүздесуі өткізілді. Спорттағы алғашқы қадамдары жайында гимнасшылардың өздері әңгімеледі. Қөшшілік тілегі бойынша, Қарлығаш та гимнастикаға қалай келгенін сыр етіп айтып берді.

— Есік қаласындағы өзім оқыған мектептің спорт залын ешқашан ұмытпаймын. Сабактан кейінгі бос уақытымның көбін сонда өткіzetінмін. Анатолий Анатольевич пен Нина Васильевна Тихомировтар менің сүйікті ұстаздарым болды.

Олар маған күрделі де қызын жаттығуларды үйрететін.



Спорт — мәңгі қозғалыс, үнемі ілгері ұмтылу. Тұңғыш жауапты сын да басталды. Өзім оқытын мектептің спорттық науысын қорғап аудандық, облыстық жарыстарға қатыстым. Әлденеше рет жеңіске де ие болдым. Он екі жасымда ССР спорт шеберінің нормасын орындағының көрсөн!.. Гимнастикамен айналысусым жақсы оқуыма мүлдем кедергі келтірген жоқ. Қітап оқуды ұнатамын. Әсіреле спортың тақырыбына жазылған туындыларды үзбей оқымын. Юрий Власовтың, Нелли Кимнің кітаптары қатты толқытты. Спорт — бейбітшілік елшісі деген сөздің аясы өте кең. Гимнастикамен айналысқалы көп дос таптым...

\* \* \*


1980 жылдың октобрі... Астана алтын күздің тамаша бояуына шомылған. Гимнастикадан Қазақ ССР кубогы үшін республика біріншілігі өтіп жатты. Бұл — Қарлығаш өміріндегі ең үлкен жарыс. Республиканың түкпір-түкпірінен келген тәжірибелі спортшылар өзара күш сыйнасуда. Әсіреле Брейгина, Харисовалар тәжірибелі, ысылған гимнасшылар. Ал күштілер арасындағы бәсеке қай кезде де тартысты өтетіні белгілі.

Жас гимнасшылар топ алдында бірінен соң бірі шеберліктерін көрсетуде. Жанкүйер қауымда дегбір жоқ. Бірде көз ілеспес шапшаң қозғалысқа тәнті болып қол соқса, енді бірде мұлт кеткен қателіктегін байқағанда іштей тынып, үн-түнсіз отырып қалады. Кезек Қарлығашқа да жетті.

— Есік қаласынан келген 13 жасар гимнасшы Қарлығаш Қалиева.

Хабарлаушының даусы зал ішін кернеп кетті. Ортаға талдырымаш қара торы қызы шықты. Алдындағы өнер көрсеткен өзге құрбыларына қараганда әлдекайда нәзік. Үстінде сары жолақ костюм.

Іле тылсым тыныштық орнады. Мындаған жанар ортада ілкі сәт мүсіндей қатып қалған кішкентай гимнасшыға қадалған. Баяу ғана естілген әдемі әуен бірте-бірте шалқи көтеріліп, кең залдың ішін шарлап кетті. Жеп-жеңіл қимыл... Әсем әуезге үздіксіз айналып жатқандай. Ұршықша үйірілген Қарлығаштың әр қозғалысын жіті қадағалаған жанкүйер



қауым балауса гимнасшының еркін де нық қадамына сүйсінген. Зал ішін кернеген мұзыканың соңғы аккордтары ғажайып екпіндерге ұласты. Сол мезет... әлгінде ғана айдын көлде аққудың көгілдіріндегі қалқыған ол қос қолын алға сермей көз ілесспес жылдамдықпен серпіліп барып, сонадайға тіп-тік тұра қалды. Осы уақытта қол соққан жанқүйерлер зал ішін дұр сілкіндерді.


— Жарайсың, Қарлығаш!  
— Қарлығаш, Қарлығаш!

Екі құлағы шыңылдаған ол ештеңені естімеген. Мандайынан аққан тер бал-бұл жанған жүзін жуған. Жүргі лұп-лұп соғады. Қуанышын да жасыра алмады. Төңірегіне қос қолын көтеріп, әлденеше мәрте басын иген.

Осы жолы Қарлығаш гимнастикалық сальтоны мұлтіксіз асқан шеберлікпен орындағы. Одан кейінгі екінші жаттығу брусьядада да үздік өнерімен көпшілік жұртты тәнті қалдырды. Ал берене үстіндегі жаттығулары үшін ең жоғары 10 баллға ие болды. Сөйтіп, асқан шеберлігімен дарағанған Қарлығаш Қалиева Қазақ ССР-інің абсолютті чемпионы атанды.

Аз уақытта Қарлығаш белгілі спорт мамандарының назарына ілікті. Болашағына зор үмітпен қараган оған одактық жарыстарға қатысуға әрдайым үлкен сенім көрсетілетін. Бала гимнасшы Фрунзе, Гродно, Ярославль, Қарағанды қалаларында болған додалы бәсекелерге арнайы шақырылды. Әсіресе Томскіде өткен жасөспірімдер арасындағы СССР біріншілігі Қарлығашқа екі бірдей қуаныш сыйлаған еді. Таңдаулы саңлақтар арасынан суырылып шығып, жүлделі екінші орынға көтерілуі — үлкен жетістік. Ал осы жолы жеңіп алған күміс медаль оған халықаралық жарыстарға қатысуға еркін жол ашқан. СССР құрама командасына мүше болып қабылданған Қарлығаш Монгол Халық республикасында, Корей Халық Демократиялық республикасында өткен халықаралық турнирлерге қатысып, туған елге жеңіспен оралды.

Қазақстандық жас гимнашы туралы «Советский спорт» газеті жылы лебіз білдіріп, гимнастика «жұлдыздарының» қатарына тағы бір жарық жұлдызының қосылғанын айрықша жазуы қуанышты-ақ. 1983 жылы Рига қаласында болған халықаралық жарыста Қарлығаш күміс медальді жеңіп алды.



Оның еркін жаттығуда орындаған 720 градустық сальтосын, қол тіреі секірудегі 360 градустық «цукахарасын», бөренедегі «бұрандалы» сальтосы аса жоғары бағаланған болатын.

\* \* \*

— Мен де чемпион боламын,— деді осы кезде Заңғар.  
— Қарлығаш секілді менің де гимнаст болғым келеді.  
— Несі бар әлі кеш емес, мектебіндегі гимнастика үйірмесіне қатысЫңдар...

Заңғар мен Қарлығаш «уралап» орнынан тұрып кетті.



10 т.



*Для детей дошкольного возраста*

**Жанат Елшибеков**

**КАРЛЫГАШ**

рассказ

(На казахском языке)

**ИБ № 3668**

Редакторы — Х. Байназарова. Суретшісі — А. Басенов. Көркемдеуші редакторы — А. Тіленшиев. Техникалық редакторы — Р. Винокурова. Корректорлары — Э. Смагұлова, Л. Асенова

Теруге 24.04.87 жіберілді. Басуға 6.06.89 қол қойылды. Форматы  $70 \times 90^{1/16}$ . Қағазы оғсет. Қаріп түрі «мектептік». Оғсеттік басылыш. Шартты баспа табагы 1,17. Есентік басылу табагы 1,21. Шығындық болу көлемі 5,85. Тиражы 30.000 дана. Заказ № 806. Бағасы 10 тиын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің қарасты «Кітап» полиграфиялық кесіпорындары ендірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспекті, 93-үй.

E — 4802040000—92  
408(05)89 49—89

© «Жалын» баспасы — 1989.

ISBN 5—610—00024—6